

Ескерту. Бұйрық стандартпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.11.2018 № 516 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Бұл ретте өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдар бойынша - "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) арқылы;

2) көрсетілетін қызметті беруші арқылы мынадай:  
мерзімсіз бірінші, екінші топтағы мүгедектер;

Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған азаматтың отбасы мүшесі, зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған азаматты жерлеуді жүзеге асырушы адамдар;

қайтыс болған азаматтың зейнетақы жинақтарының мұрагерлері болып табылатын адамдар бойынша жүзеге асырылады.

**2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған азаматтарға - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы №

1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларының 19-тармағының екінші бөлігінде айқындалған шарттарды есепке ала отырып - Мемлекеттік корпорацияда құжаттар топтамасын тіркеген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде;

зейнетақы жарналары бар қайтыс болған азаматтың отбасы мүшелеріне немесе жерлеуді жүзеге асырушы адамдарға - көрсетілетін қызметті беруші құжаттар қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде;

егер мүгедектігі мерзімсіз белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге тұрақты тұруға кеткендерге, қайтыс болған азаматтың зейнетақы жарналарының мұрагерлеріне - көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды қабылдаған немесе түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде.

2) Мемлекеттік корпорацияда, көрсетілетін қызметті берушіде құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 минут;

3) Мемлекеттік корпорацияда, көрсетілетін қызметті берушіде қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 30 минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік корпорацияда тіркелген өтініштер бойынша, сондай-ақ егер мүгедектігі мерзімсіз белгіленсе бірінші және екінші топтағы мүгедектер болып табылатын адамдардың көрсетілетін қызметті беруші тіркеген өтініштері бойынша көрсетілетін қызметті беруші өтініш берушіні өтініште көрсетілген (бар болса) көрсетілетін қызметті алушының ұялы телефон нөміріне жасына байланысты алғашқы зейнетақы төлемін жүзеге асыру туралы sms-хабар жіберу арқылы хабардар етеді.

Зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған азаматтың отбасы мүшелері немесе жерлеуді жүзеге асырушы адамдар, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен адамдарға, қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарының мұрагерлері болып табылатын өтініштері бойынша көрсетілетін қызметті беруші өтініш берушіні өтініште көрсетілген (бар болса) ұялы телефон нөміріне sms-хабар жіберу арқылы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру туралы хабардар етеді.

7. Мемлекеттік қызмет міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын алуға құқығы бар жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияда - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау электрондық кезек тәртібінде, көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті броньдау [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2) көрсетілетін қызметті берушіде - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 8.00-ден 19.00-ге дейін, сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін.

Қабылдау электрондық кезек тәртібінде, көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жеріне қарамастан, жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті алу мақсатында:

1) осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті;

2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);

3) көрсетілетін қызметті алушының екінші деңгейдегі банктерде немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді ұсынады.

Мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушыға осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған, көрсетілетін қызметті берушіде алушының зейнетақы жинақтары болмаған жағдайларда не ол белгіленген кесте бойынша алушы болып табылса, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді, не бас тарту себебін көрсете отырып, осы Стандартта көзделген құжаттарды алған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде хабарлама жолдау арқылы өтінішті орындаудан бастартады.

11. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге көрсетілетін қызметті алушы өзі жүгінген кезде:

1) егер мүгедектігі мерзімсіз белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектер болып табылатын көрсетілетін қызметті алушылар мынадай құжаттарды ұсынады:

көрсетілетін қызметті берушінің ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш (бұдан әрі - өтініш);

көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

көрсетілетін қызметті алушының банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы арқылы жүгінген кезде алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған өтініш беріледі.

Көрсетілген қызметті алушының көрсетілетін қызмет берушінің интернет-ресурсы арқылы жүгіну тәртібі қызмет берушінің ішкі құжатымен бекітіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мүгедектікті белгілеу туралы мәліметтерді мүгедектердің орталықтандырылған дерекқорынан сұратады.

Көрсетілетін қызметті алушыда мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігінің болуы туралы мәліметтердің растамасы болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күні көрсетілетін қызметті берушінің ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша бас тарту себебін көрсете отырып, құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріп, өтінішті қабылдаудан бас тартады.

2) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар мынадай құжаттарды ұсынады:

өтініш;

шетелдік паспорттың көшірмесі және егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

көрсетілетін қызметті алушының банк шотының нөмірі туралы мәліметтер;

3) зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған азаматтардың отбасы мүшелері немесе жерлеуді жүзеге асырушы адамдар болып табылатын көрсетілетін қызметті алушылар мынадай құжаттарды ұсынады:

өтініш;

зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің немесе жерлеуді жүзеге асырушы адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің немесе жерлеуді жүзеге асырушы адамның банк шоты туралы мәліметтер;

4) қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарының мұрагері болып табылатын көрсетілетін қызметті алушылар мынадай құжаттарды ұсынады:

өтініш;

көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі нотариат куәландырған;

мұраға құқық туралы куәліктің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі не мұраға берілетін мүлікті бөлу туралы келісімнің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі не заңды күшіне енген сот шешімі;

көрсетілетін қызметті алушының банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.

12. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға немесе көрсетілетін қызметті берушіге үшінші тұлға немесе заңды өкілі арқылы жүгінген кезде осы Стандарттың 9-тармағында немесе 11-тармағының 1), 2)

және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға қосымша үшінші тұлға немесе заңды өкілі мыналарды:

1) үшінші тұлғаның немесе заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын;

2) нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасын немесе оның нотариат куәландырған көшірмесін не заңды өкілдің статусын растайтын құжатты ұсынады.

Бұл ретте көрсетілген қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін нотариат куәландырады (нотариатпен куәландыру тұратын мемлекетте жүргізілген жағдайда).

13. Көрсетілген қызметті алушы көрсетілген қызметті берушіге пошта байланысының құралдары арқылы жүгінген кезде осы Станадарттың 11-тармағы 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатты, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының өтініштегі қолтаңбасын нотариат куәландырады (нотариат куәландыру тұратын мемлекетте жүргізілген жағдайда).

### **3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

14. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдануда осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына немесе Министрлік, Мемлекеттік корпорация басшысының атына шағым беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорация немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып шағымның тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Қызметкер дәрекі қызмет көрсеткен жағдайда, шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына беріледі. Мемлекеттік корпорацияның кеңсесіне қолма-қол да, почта арқылы да келіп түскен шағымды тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі мен тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті

берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

15. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

#### **4-тарау. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетудің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар**

15. Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылар "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгінгенде мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің - [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz);
- 2) Министрліктің [www.enbek.gov.kz](http://www.enbek.gov.kz) интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде;
- 3) Мемлекеттік корпорацияның [www.gov4c.kz](http://www.gov4c.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен статусы туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

"Бірыңғай жинақтаушы  
зейнетақы қорындағы міндетті  
зейнетақы жарналары, міндетті  
кәсіби зейнетақы жарналары  
есебінен қалыптасқан зейнетақы  
жинақтарынан зейнетақы  
төлемдерін жүзеге асыру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
1-қосымша  
Нысан

Аудан коды \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы

Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің

\_\_\_\_\_ облысы (қаласы) бойынша департаменті  
"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ (бұдан әрі - БЖЗҚ)

### Өтініш

Азамат (ша)

\_\_\_\_\_ (өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні: \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Жеке

сәйкестендіру

нөмірі:

Жеке

басты

куәландыратын

құжаттың

түрі:

\_\_\_\_\_ Құжаттың сериясы: \_\_\_\_\_ құжаттың нөмірі: \_\_\_\_\_ кім берген:

\_\_\_\_\_ Берілген күні: \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Тұрғылықты тұратын жерінің мекенжайы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ облысы

\_\_\_\_\_ қаласы(ауданы)

\_\_\_\_\_ ауылы

\_\_\_\_\_ көшесі

\_\_\_\_\_ (шағынауданы) \_\_\_\_\_ үй \_\_\_\_\_ пәтер

\_\_\_\_\_ Банк реквизиттері:

\_\_\_\_\_ Банктің

\_\_\_\_\_ атауы

\_\_\_\_\_ Банк

\_\_\_\_\_ шотының

\_\_\_\_\_ №

\_\_\_\_\_ Шот

\_\_\_\_\_ түрі:

\_\_\_\_\_ ағымдағы

\_\_\_\_\_ Резиденттік: резидент бейрезидент

Маған \_\_\_\_\_ (жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін; БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы; мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы: мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша; мемлекеттік арнайы жәрдемақы) тағайындауды (қалпына келтіруді) сұраймын.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға өтініш берген жағдайда асырауындағы адамдардың саны көрсетіледі.

Маған бұдан бұрын зейнетақы төлемдері немесе жәрдемақы тағайындалған /тағайындалмаған (қажетсізі сызылып тасталсын).

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері төленген кезде БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері түріндегі менің табысыма БЖЗҚ-дан төлем берілген күніне, бірақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген шектерден асырмай есептелген салықтық шегерімді қолдануды сұраймын.

Жеке табыс салығымен салық салуға жататын БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері түріндегі менің табысыма салықтық шегерімнің қолданылуы салықтық шегерімге құқықтың қолданылу мерзімі ішінде қолданылатынына келісемін.

Төленетін зейнетақы немесе жәрдемақы мөлшерінің өзгеруіне алып келетін барлық өзгерістерді, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің, банк деректемелерінің өзгергенін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне хабарлау қажеттілігі туралы хабардармын.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін жеке банк шоты ашылған жағдайда, осы шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуына жол берілмейді.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

P/c №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтар саны	Ескертпе
1			
2			

Төлемді тағайындауға қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру туралы, жасына байланысты зейнетақы төлемін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны, мемлекеттік арнайы жәрдемақыны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау жөнінде ұялы телефонға sms-хабар жіберу арқылы хабардар етуге келісім беремін.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

Үй телефоны \_\_\_\_\_ ұялы телефон \_\_\_\_\_ E-mail \_\_\_\_\_

Өтініш берген күні: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_.

Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_

Азамат (ша) \_\_\_\_\_ өтініші №\_\_ болып тіркелді.

Құжаттар қабылданған күн 20\_\_ жылғы "\_\_\_"

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))



және лауазымы)

"Бірыңғай жинақтаушы  
зейнетақы қорындағы міндетті  
зейнетақы жарналары, міндетті  
кәсіби зейнетақы жарналары  
есебінен қалыптасқан зейнетақы  
жинақтарынан зейнетақы  
төлемдерін жүзеге асыру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
2-қосымша  
Нысан

**Зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін құжаттарды қабылдау туралы №  
\_\_\_\_\_ ҚОЛХАТ**

\_\_\_\_\_ (түрі көрсетілсін)

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Азамат

(ша)

— (өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Туған күні \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Үшінші тұлға/заңды өкіл

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Жүгінген күні 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

Р/с №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтар саны	Ескертпе
1			
2			

\_\_\_\_\_ (Мемлекеттік корпорация қызметкерінің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

және лауазымы)

"Бірыңғай жинақтаушы  
зейнетақы қорындағы міндетті  
зейнетақы жарналары, міндетті  
кәсіби зейнетақы жарналары  
есебінен қалыптасқан зейнетақы

**Зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту  
туралы № \_\_\_\_ ҚОЛХАТ**

(түрі көрсетілсін)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Азамат

(ша)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Заңды

өкіл

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Жүгінген күні 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі  
өткен құжаттарды ұсыну, алушыда зейнетақы жинақтарының болмауы,  
белгіленген кесте бойынша алушы болып табылуы (өзге себепті көрсету) себебі  
бойынша тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тартылды.

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),  
қолы)